Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

2026 жылғы 2 наурыз *Орал қаласы*

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің *(бұдан әрі – Департамент)* атына Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағы 26) тармақшасына сәйкес «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі – ММ)* 2026 жылғы 24 ақпандағы №4-15/358 хаты негізінде монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхаты келіп түсті.

Қорытындыны жасау барысында, Департаментпен Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен бекітілген монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы қағидалары *(бұдан әрі – Қағида)* басшылыққа алынды.

«Батыс Қазақстан облысының Инвесторларға қызмет көрсету орталығының кейбір мәселелері туралы» Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2019 жылғы 23 тамыздағы №228 қаулысына сәйкес, Инвесторларға қызмет көрсету орталығы болып «Орал» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ белгіленді. Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2021 жылғы 4 тамыздағы №151 қаулысына сәйкес, «Орал» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ атауын «Aqjaiyq» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ болып өзгертілді.

Бұдан әрі, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 23 тамыздағы №228 қаулысымен бекітілген «Aqjaiyq» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ жарғысына сәйкес, «Aqjaiyq» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (БСН 101140007330) уәкілетті органы «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ, сондай-ақ құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі болып табылады.

Осының негізінде, «Aqjaiyq» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ заңды тұлға болып табылады.

Жоғарыда баяндалған мәліметтер негізінде, ММ бір көзден тікелей сатып алу тәсілімен 2026 жылға Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер *(бұдан әрі – қызмет)* бойынша келісім-шарт жасау жоспарланған.

ММ ұсынылған мәліметтерге сәйкес, аталған келесі қызмет түрлерін қамтамасыз етеді:

- Қоғам басшылығына Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық, анықтамалық, баяндамалық және презентациялық материалдарды, сөз сөйлеу жобаларын және ұсыныстарды дайындау;

- Өңірдің инвестициялық қызметі мәселелері бойынша мемлекеттік органдар, даму институттары, бизнес-қауымдастықтар және басқа да ұйымдар өткізетін кеңестерге, форумдарға, отырыстарға және іс-шараларға қатысу;

- Кіріс және шығыс хат-хабарлар бойынша қорытындыларды, анықтамаларды және ұсыныстарды дайындау, Қоғам басшылығының инвестициялық блокқа қатысты тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру;

- Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, даму институттарымен, бизнес-құрылымдармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- «Бір терезе» қағидаты бойынша отандық және шетелдік инвесторларға өтінім беруден бастап объектіні пайдалануға енгізуге дейін консультациялық және ұйымдастырушылық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- Инвесторларға рұқсаттар, лицензиялар алу, визалық қолдау, техникалық шарттар, жер учаскелері, инженерлік инфрақұрылымға қосылу және өзге де әкімшілік рәсімдер бойынша жәрдем көрсету;

- Инвесторларды жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде (жобалау алдындағы, жобалау, құрылыс және пайдалану кезеңдерінде), оның ішінде постинвестициялық мониторингті қоса алғанда, сүйемелдеу;

07/05 Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Западно-Казахстанской области

- Маркетингтік, экономикалық, қаржылық, салалық талдаулар жүргізу және Қоғам басшылығы мен мемлекеттік органдар үшін талдамалық есептер дайындау;

- Өңірдің перспективалы инвестициялық жобаларын айқындау және әзірлеу, бизнес-профильдерді, инвестициялық ұсыныстарды және жобалардың паспорттарын дайындау;

- Инвесторлардың, инвестициялық жобалардың, әлеуетті алаңдардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру және өзектендіру, сондай-ақ өңірдің перспективалы жобаларының тізілімін жүргізу;

- Батыс Қазақстан облысының инвестициялық әлеуетін ілгерілетуге бағытталған инвестициялық форумдарды, жәрмеңкелерді, көрмелерді, конференциялар мен презентацияларды ұйымдастыру және өткізу;

- Өңірдің имидждік және PR-стратегиясын іске асыру: медиажоспарларды әзірлеу және жүзеге асыру, ақпараттық және жарнамалық материалдарды дайындау, Қоғамның ресми сайтын өзекті ақпаратпен толықтыру;

- Бизнес-жобаларды іске асыруға отандық және шетелдік инвесторларды тарту, кездесулер мен келіссөздерді ұйымдастыру, өңірді инвестициялық алаңдарда ілгерілету;

- «Бизнеске арналған үкімет» алаңының жұмыс істеу мәселелерін қадағалау және цифрлық сервистер шеңберінде инвесторлардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын үйлестіру;

- Инвестициялық саясат және мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері бөлігінде заңнаманы, нормативтік құқықтық актілерді және Қоғамның ішкі құжаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

- Инвестициялық, инновациялық және кәсіпкерлік қызметке қатысты мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды, тұжырымдамаларды, стратегияларды және өзге де құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

- Инвесторларға қолжетімді жер учаскелері, инфрақұрылым объектілері, пайдалы қазбалар кен орындары және өңірдің басқа да инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты дайындау және ұсыну;

- Жасалған шарттар, меморандумдар мен келісімдер бойынша инвесторлар мен серіктестердің міндеттемелерінің орындалуын бақылау, сондай-ақ Орталықтың құзыреті шегінде оларды есепке алу және тіркеу;

- Инвесторларға жәрдем көрсету мәселелері бойынша әкімдікпен, мемлекеттік органдармен, даму институттарымен, бизнесті қолдау инфрақұрылымының субъектілерімен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

07/05 Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Западно-Казахстанской области Мұқан Р.К.

- ISO 37001 / ҚР СТ ISO 37001, ҚР СТ 3049 халықаралық және ұлттық стандарттарының талаптарын, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің рәсімдері мен процестерін, соның ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен мақсаттарды, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулықты және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін регламенттейтін өзге де ішкі құжаттарды білу және жұмыста қолдану;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асыру.

ММ сатып алуға жоспарлаған қызмет түрінің географиялық шекарасын ретінде Батыс Қазақстан облысын белгілеген.

Өз кезегінде, ММ ұсынылған мәліметтерге сәйкес қызмет түрі 84130 экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеушісіне сәйкестендірілген *(бұдан әрі – ЭҚЖЖ 84130)*.

Осылайша, Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер нарығында тіркелген өзге де жеке кәсіпкерліктің бар немесе жоқ екендігін айқындау мақсатында, Департаментпен Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі ұлттық статистика бюросының https://stat.gov.kz ресми сайты зерделенді.

Ресми сайттың мәліметтеріне сәйкес, Батыс Қазақстан облысы шекарасында ЭҚЖЖ 84130 кодымен жеке кәсіпкерлік субъектілердің тіркелмегендігі белгілі болды.

Өз кезегінде, Батыс Қазақстан облысы шекарасында ММ сатып алуды жоспарлап отырған қызмет түрлерімен өзге кәсіпкерлік субъектілері айналыспайтындығы белгілі болды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 10 бабы 2 тармағына сәйкес осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері **бәсекелестік тәсілдер** деп танылады.

Сол себепті, https://www.goszakup.gov.kz/ru/ сайтынан Департаментпен Батыс Қазақстан облысы шекарасында Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алуларға мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижесіне сәйкес, Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтері бойынша 2021-2025 жж аралығында мемлекеттік сатып алу тәсілдерімен жүзеге асырылған, яғни, конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып жүргізілмегені белгілі болды.

Жоғарыда баяндалған мәліметтер негізінде, Батыс Қазақстан облысы шекарасында **Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтері** бойынша ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілер анықталмағандығын ескере отырып, Департаментпен 2026 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзімге, «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ аталған қызмет түріне тікелей бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасауға оң қорытынды беріледі.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
Агенттігінің Батыс Қазақстан
облысы бойынша департаментінің
басшысы **С. Иргалеев**

0702.05 Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Западно-Казахстанской области/Мукан Р.Н.